

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5  
тел.: 8 (727) 382-35-15, факс: 8 (727) 382-35-56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5  
тел.: 8 (727) 382-35-15, факс: 8 (727) 382-35-56

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ҚАУЛЫСЫ**  
**09 қараша 2020ж. № 65**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**  
**№ 65 от 09 ноября 2020г.**

**«Алматы қаласында коронавирустық  
инфекция ауруларының алдын алу  
жөніндегі одан арғы шаралар туралы»  
Алматы қаласы бас санитариялық дәрігерінің  
26.10.2020 жылғы № 64 қаулысына  
толықтырулар мен түзетулер енгізу туралы**

Алматы қаласы тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (ары қарай – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 02 қарашадағы № 62 қаулысы негізінде және жүзеге асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Алматы қаласында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Алматы қаласы бас санитариялық дәрігерінің 26.10.2020 жылғы № 64 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:
  - 1) 1-тармақтың 37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«37) 2020-2021 оқу жылының екінші тоқсанынан бастап контингенті 300 окушыға дейін, сыйыптардағы балалар саны 15 адамға дейін қалалық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға; ата-аналардың өтініші бойынша сыйыптардың жинақталуын 15 баладан асырмай сақтай отырып, жалпы білім беретін мектептерде кезекші сыйыптарда 1 сыйыптан 5 сыйыпқа дейін, халықаралық мектептерде 7 сыйыпқа дейін кезекші сыйыптарда оқытуға рұқсат беруді»;

2) 1-тармақтың 46) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын:

46) «COVID-19-ға ПТР-зерттеп-қарау анықтамасысыз халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы объектілер мен ұйымдардың (қонақ үйлер, отельдер); халықтың 3 күннен астам тұруы бойынша туризм объектілерінің (демалыс үйлері, санаторийлер, шипажайлар, туристік базалар) COVID – 19-ға ПТР-зерттеп-қарау анықтамасы болған кезде талдау тапсыру мерзімі 72 сағаттан кешіктірмей, толтырылу мерзімі 80%-дан аспаған кезде, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып; соңдай ақ,

- «туризм объектілерінің тестілік режимдегі қызметіне рұқсат беру-2020 жылғы 19 қарашадан бастап 30 қарашаға дейін «Медеу» спорт-сауықтыру орталығының және 2020 жылғы 16 қарашадан бастап 30 қарашаға дейін «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортының әрбір сеанс кезінде «Медеу» мұз айдынының бір мезетте толтырылуымен 500 адамнан аспайтын және «Шымбұлақ» курортына келушілермен жобалық көрсеткіштің 30% - нан аспайтын»;

- туризм объектілері – «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты мен «Медеу» спорт-сауықтыру орталықтарының тамактану объектілерінің қызметіне залдарда және ашық аспан астында үй-жайдың толтырылуы 50 отыратын орынға дейін белгілеп, үстелдер арасындағы қашықтықты 2 м кем емес сақтай отырып, ұжымдық іс-шараларды өткізбей, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын қатаң сақтай отырып рұқсат беру»;

3) 1-тармақтың 64) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын:

«а. ж. 10 қарашасынан бастап театрлардың толықтырылуы 50%-ға дейінгі, бірақ infokazakhstan.kz порталында тіркей отырып, күштейтілген санитариялық режимі бар залда 100 адамнан аспайтын қызметіне маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат беру»;

4) 1-тармақтың 31) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын:

«а.ж. 10 қарашасынан бастап жұма намазын қоспағанда, діни объектілерде, мешіттерде (бес намазды) ұжымдық құдайға құлшылық етуге, толтырылуы 30%-ға дейін, бірақ 100 адамнан аспайтын залда күштейтілген

санитариялық-дезинфекциялық режиммен және ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат беру»;

5) 1-тармақтың 32) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын:

«22.00 сағатқа дейін сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда объектілерінің толтырылуы 30%-дан аспайтын, бір келушіге 4 ш. м. кем емес жағдайда, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, қызметіне рұқсат беру»;

6) 1-тармақтың 33) тармағы мынандай редакцияда жазылсын: «17.00 сағатқа дейін азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарлары қызметінің бір келушіге 4 ш. м. кем емес және толтырылуы 30%-дан аспайтын жағдайда ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, рұқсат беру»;

7) 1-тармақтың 48) тармақшасы мынандай редакцияда жазылсын: «қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметіне залда және ашық аспан астында үй-жайдың толтырылуы 50 отыратын орынға дейін белгілеп, үстелдер арасындағы қашықтықты міндettі түрде 2 м. кем емес сақтап, жұмыс кестесін келушілер үшін жұмыс, демалыс және мереке күндері 7:00-ден 22:00-ге дейін белгілеп, ұжымдық іс-шараларды өткізбей, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын қатаң сақтай отырып рұқсат беру; көрсетілген күндері және уақытта жеткізу қызметтеріне рұқсат етіледі»;

8) 1-тармақтың 65) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«сауда-ойын-сауық орталықтарында (жекелеген үй-жайларда) орналасқан қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметін 22.00 сағатқа дейін, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, толтырылуы 50 отыратын орыннан аспағанда ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, рұқсат беру»;

9) 1-тармақтың 43) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «қоғамдық көліктерде (метро, автобустар және троллейбустар) ультракүлгін сәулелену шамдарын орнату мәселесі қарастырылсын (*Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы*) және ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтаған кезде қоғамдық көліктің уақыты шектеусіз жұмыс істеуіне рұқсат етіледі)»;

10) 2-тармақтың 5) тармақшасы мынандай абзацпен толықтырылсын: «сондай-ақ келесідей контингентті эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша COVID-19-ға зертханалық тексеру:

5.1 Айына 2 рет тексеру жиілігімен COVID-19 жүқтывру қаупі жоғары объектілердің медицина қызметкерлері:

- COVID-19-ға ПТР-зерттеулерге тартылған зертханалардың;
- науқастарға үйде медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын АМСК-лардың;
- емханалардың қабылдау-сұрыптау бөлімшелерінің;
- инфекциялық, провизорлық және карантиндік стационарлар мен бөлімшелердің;
- шұғыл көмек көрсететін соматикалық стационарлардың.

5.2) айна 2 рет - медперсонал, айна 1 рет - медициналық-әлеуметтік және әлеуметтік білім беру мекемелерінің (қарттар, мүгедектер, психоневрологиялық, сәбілер, балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың) пациенттері;

5.3) айна 1 рет жиілікпен-мемлекеттік органдардың (әкімдіктердің, прокуратуралардың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, соттардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, әлеуметтік қорғау) қызметкерлері;

5.4) айна 1 рет жиілікпен - қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың қызметкерлері (*дезинфекция қызметін көрсететін, коммуналдық, қогамдық, көліктің қызметкерлері*);

5.5) айна 1 рет жиілікпен - зейнеткерлердің тұрғылықты жері бойынша АМСК медициналық көмекке жүгінгенде мобильді топтарының ПТР сыналасының алуын қамтамасыз ету (*жұқтыру қауіпті тобы ретінде*).

11) 1 –тармақтың 11) тармақшасы мынадай абзацпен толтырылсын:

«ұйымдар мен мекемелердің (оффистердің) басшылары қызметкерлердің кемінде 50% - ын (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер болғанда) қашықтықтан жұмыс істеу форматына ауыстыруды қамтамасыз етсін»;

12) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 68) тармақшамен толықтырылсын:

«65 жастан асқан азаматтардың аса мұқтажсыз тұрғын үйден көшеге шығуына тыйым салынсын».

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемелекеттік  
санитариялық дәрігері**

**Ж. Бекшин**

